

Nur-Sultan 2021

BILIM AINASY

қантар-январь



Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінде тіркеліп, 2013 жылдың  
30-желтоқсанында № 14080-Г куәлігі берілді

Зарегистрирован в Министерстве Культуры  
и Информации Республики Казахстан, Комитете  
информации и Архивов за №14080-Г от 30.12.2013г.

эл.почта: ou2020@mail.ru    тел: +7705 444 81 51



[WWW.BILIMAINASY.KZ](http://WWW.BILIMAINASY.KZ)



университетіндегі биологиялық зертханалар, мол кітап қорығалымның ғылыми тегеурінің жетілдіріп, оның «биоэлеміндегі» алтын қазықта айналды. Зерттеу нысанасына дөп тиетін ғылыми көзқарасының арқасында ұстаздық баспаңдаққа аяқ басып, сол кездердегі Қазақстан микробиологиясындағы тың қатпарлардың бірі фототрофты микроорганизмдердің биотехнологиясын дамытуға күш-жігерін салды. Осылайша, Қазақстанда алғаш рет әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің сол кездегі микробиология кафедрасында, Б.К. Заядан фотобиотехнология зертханасын құрды, оның базасында қазіргі үақытта микробалдырлар мен цианобактериялардың молекулярық-генетикалық таксономиясы, микробалдырлар биологиясы мен экологиясы, фототрофты микроорганизмдердің физиологиясы, биохимиясы және биотехнологиясы бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер табысты жүргізіліп келеді.

Жоғарыда аталған ғылым жолындағы соқпақтар мен жарқын жетістіктер, оқу-білім санатындағы маңызды тарихи даталар – Болатхан Қазыханұлына тиесілі өнегелі өмірдің бір парасы ғана. Эрқашан берекелі істерге бастамашы ғалым «Фототрофты микроорганизмдер, оларды биотехнология мен биоэнергетикада қолдану» бағыты бойынша Қазақстанда тұныш ғылыми мектеп құрды. Жасампаз мектеп іргесінде қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Биология және биотехнология мәселеілері ғылыми зерттеу институтының биотехнология зертханасы жұмыс істейді. Осы зертхана базасында ғалым микробалдырлар мен цианобактериялардың биологиясы мен биотехнологиясына арналған ҚР БФМ және ҰФА қаржыландырылған 18 ғылыми зерттеу жобасына басшылық жасады. Командалық ғұмыстарды түйімді ұйымдастыра білген зерттеуші мектептері ғылыми бағыттарды биотехнологиялық маңызды факторларға орайластыра құра білді. Атальыш санаттардың ішінде: фототрофты микроорганизмдердің перспективті дақылдарын іздеумен және зерттеумен, атап айтқанда медицинада биологиялық белсенді заттар (ББЗ) және ауыл шаруашылығы үшін биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ) алу, биоотын және биотыңайтқыштар алу, ластанған қоршаған орта обьектілеріне биомониторинг және биоремедиация жүргізуден тұратын бірнеше бағыттар бар.

Ғылым жолы – аса құрделі бағыт. Оның құдреті сонда, атаулы жолдың кезекті нұктелерінен өтуде, белестерін еңсеруде төзіміздік танытқандар болса, бірден жолда қалдырады. Ұшан-тенгіз біліммен қаруланып, шыдам мен шыңдалудың шеберлігін болмысына қашағандар ғана шынайы ғылымның мінберіне шықпак. Баршамыздың ұстазымыз, биология ғылымдарының докторы, профессор Б.К. Заяданның еңбегі де әріптестері, ұжымы, ұлтының тарапынан еш елеусіз қалмады. Оның ішінде ғылым докторлығынан бастап, халықаралық мәраппараттар тізбегі өнімді енбегінің жарқын нәтижесін айтақтап, ғылыми-көпшілік қауымды, ізбасарларды жігерлендіреді. Мәселен, 2018 жылы ҚР Білім және Ғылым министрлігі мәраппатаған «Қазақстан Республикасының ғылымын дамытуға сінірғен еңбегі үшін» тәсбелегіңізге ерекше куаныш сыйлап, ғылым жолындағы жарқын жетістікің этапона ретінде ойынызға орнықты. Оқытушылық, ұстаздық қызметте биік белестерді еңсеріп, ғылыми-педагогикалық нәтижелерінен өнеге өрнегін салды. Қазіргі үақытта ол алыс және жақын шетелдерде және Қазақстанда 20-ға жуық патенттер мен 400-ге жуық публикациялар, оның ішінде 15 кітап пен 5 монографияның және International Journal of Hydrogen Energy, Journal of Biotechnology, Genome Announcements, FEMS Microbiology Letters, Photosynthesis Research, Russian journal of Plant physiology, Microbiology, Applied Microbiology and Biotechnology, Renewable and Sustainable Energy Reviews сияқты халықаралық, жоғары рейтінгті журнандарда жарияланған 80-нен астам макалалардың авторы. Расында, Болатхан Қазыханұлы біздің деректер нақтылағандай, ғылымда табысты ерен тұлға, ізденіппаз оқытушы, қасіби ұстаз ғана емес, елінің қоғамдық-саяси еркендеуіне өз үнін қосқан азамат. 2017 жылы Б.К. Заядан Астанада өткен «Болашақ энергиясы» тақырыбына арналған EXPO-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесінен, онда энергия үнемеудің үздік әлемдік технологиялары, қолданыстағы баламалы энергия қазірден пайдаланудың жаңа азірлемелері мен технологияларын ұсынды. Штеделдік Adunic AG (Австрия) және EcologicStudio (Лондон) компанияларымен бірлесіп «ЭКСПО 2017 шеңберінде фотобиореакторларда биодизель алу үшін микробалдырларды жаппай дақылдау және мониторингілеу» жобасын басқарды.

Сонымен қатар, Б.К. Заядан жоғары білікті кадрларды даярлауға көп үақыт пен күш бөлөтін үлағатты үстаз. Осы үақытқа дейін оның жетекшілігімен 6 кандидаттық және 9 PhD докторлық диссертациялар қорғалды. Шәкірттері республиканың және шетелдің жоғары оқу орындары мен ғылыми мекемелерінде табысты еңбек етіп, жаһандық және Отандық жаңалықтардың ашылуына араласу үстінде.

Иә, қадірменді оқырман, шәкірті зерек ұстаз, ғылыми қадамдары қадау тұлға, адамдық болмысы биік азамат, қастерлі «ұстаз» атын білкен түсірмей жүрген әріптес қауым! Биыл Заядан Болатхан Қазыханұлы мерейлі 60 жасқа келіп отыр. Біз де шама-шарқымыз жеткенше ұстазымыздың «Өнегеге толы өмір» картинасын үніліп көрдік. Сыры мен сыны кетпеген, абыройы мен беделін білкен еш күлдіретін ұстаздың өмірбаяннан табиғаттегі білеңдердегі айрықша болмысты аңғардық. Табиғатпен тілдесіп, оның қыр-сырына қаныққан ғалымға ұзақ өмір, баянды бақыт, ғылыми табыстар тілейміз! Жасай беріңіз, жақсы адам, жанашыр ұстаз!

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының профессоры, б.ғ.д. **С.Т. Төлеуханов**

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің биология және биотехнология факультетінің биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, б.ғ.к. **Г.К. Атанбаева**

Tweet

Like 0

Сохранить

Tagged with: ӨМІРІН ӨРЕЛІ ӨРНЕКТЕГЕН ҮСТАЗ ТАБИГАТПЕН ТІЛДЕСІП ТАҒДЫРЫ ТАҒЛЫМФА ТОЛЫ ТҮЛФА

 Previous:  
Тіпі ағзалардың қасиеттері

Next:  
ТАБЫСТЫ ОҚЫТУ МЕН ТАБЫСТЫ  
МҰҒАЛАМ